

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жанындағы Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі департаменттің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 27 наурыздағы N 342

Шетел мемлекеттері елшіліктерінің, халықаралық ұйымдары өкілдерінің қызметі үшін қолайлы жағдай туғызу, мүліктік өзара қарым-қатынас пен бюджет қаражатын ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жанындағы Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі департамент (бұдан әрі - Департамент) 1995 жылғы 1 наурыздан бастап шаруашылық есепке және өзін өзі қаржыландырылуға көшірілсін.

2. Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісу бойынша Департамент туралы қолданылып жүрген Ережеге тиісті өзгерістер енгізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісу бойынша Департамент қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу шарттарын қайта қарайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі